

ӘОЖ 88.2я7

С.К. Утешов, А.М. Чинасилова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
E-mail: bibigul.kylyshbayeva@kaznu.kz

### Қазіргі кездегі этностардың қарым-қатынастарының әлеуметтік-мәдени мәселелері

**Аңдатпа.** Мақалада этностардың күрделі мәселелері қаралады. Этностардың өмірі қоғам өмірінің барлық салаларын қамтиды. Этникалық қауымдастық мәні қазіргі заманғы түрлі өте ерекше өздерінің психологияларымен, ой-түйіндерімен, ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Тәжірибе көрсеткендей, ұлттық қадір-қасиет, теңдік, әділеттілік сияқты әлеуметтік психологиялық категориялар молшылық, байлық, қасиеттермен салыстырғанда құндылығы аса жоғары. Сонымен, ұлттық психология әр индивидте күрделі феномен болып табылатын, этникалық қасиеттердің психологиялық құрылымын теріске шығармайды. Ұлттық психология категориясымен қатар ұлттық өзіндік сана-сезім маңызды беделге ие. Сонымен, ұлттық өзіндік сана-сезім – бұл ұлттар мен ұлттылықтардың оларды қоршаған басқа ұлттарға енжар еліктеу емес, бұл өз ұлты, оның қоғамдағы рөлі жайлы білімге негізделген саналы сезім.

**Түйін сөздер:** ұлт ұғымы, ұлттылық, ұлт психологиясы, ұлттық сана-сезім, өзіндік сана-сезім, ұлттық мінез-құлық, ұлттық сезім, ұлттық құндылықтар.

XXI ғасыр этностардың ұлттық сезімінің өсуімен ерекшеленді. Оларға жалпы әлеуметтік, сол сияқты мәдени факторлар және өз кезегінде әлеуметтік әрекеттің субъектісіне тән құндылықтық бағыттарының этношартталған жүйесі әсер етті. Этностық жекелеп алғанда, әлеуметтік мобильділікті, көші-қонды, үлкен қалалы және өндіріс орталықтарына халықтың жиналуын, қақтығыстық және әлеуметтік жүйелер мен институттардың динамикасын шарттайтын ең маңызды фактор ретінде таны-мал.

Этникалық арақатынастарда маңызды орынды ұлттар, ұлттық психология мен ұлттық қарым-қатынастар және этностардың өзіндік сана-сезімі алады. Этникалық қасиеттер әр адамның бойында дербес, алдыңғы ұрпақтардың тәжірибесіне тәуелсіз қалыптаспайды. Олар оған дейін қалыптасқан дайын дүние ретінде қабылданады, яғни адамдармен араласу және тәрбиелеу процесінде қалыптасады. Басқа сөзбен айтқанда, индивид этникалық мінез-құлықтың қандайда

бір қалыптасқан қасиеттерімен туылмайды. Ол бұл қасиеттерді тұлғаның әлеуметтенуі деп аталатын, өмірге бейімделу нәтижесінде иеленеді.

Ұлттық мінез-құлық – нақты тарихи-экономикалық, мәдени, табиғи және оның басқа да даму шарттарында қандай да бір әлеуметтік-этникалық қауымдастыққа тән ерекше қасиеттердің жиынтығы. Мысалы, жапондықтардың ұлттық мінез-құлқында еңбек-қорлық, эстетикалық сезімі, табиғатқа деген сүйіспеншілік, дәстүрлерді сақтау, топтық мінез-құлық ерекшеліктері беделге деген адалдылық, парыз сезімі, сыпайылық сияқты жалпы этникалық ерекшеліктер көрініс табады.

Ұлттық сезімдерге әлеуметтік-экономикалық, географиялық, өмір сүру жағдайлары сияқты көптеген факторлардың әсері белгілі бір мән-мағынаға ие болуы көрініс табады.

Егер қазақ ұлтын алатын болсақ, қонақ-жайлылық сияқты мінез-құлық ерекшелігі өте жоғары деңгейде дамыған. Бұған не әсер етеді? Өмір сүрудің көшпенді үлгісі, өмір сүрудің

оңаша үлгісі, қиын жағдайлардың қаупі, көмек алу дайындығы қазақ этносының өмір сүру үлгісінде өз ізін қалдырды.

Этникалық ерекшеліктер өз табиғаты мен жүзеге асыру әдістері бойынша индивид және қауымдастық психологиясындағы барлық адамдарға тән құбылыстарға ұқсас болып табылады. Мұндағы айырмашылық – жалпы адамзатқа, ал этникалық белгілі бір ұлттың, халықтың өкіліне тән. Ал бұлардың ұқсастықтарына келетін болсақ, екеуі де әдеттегі өмір, күнделікті тұрмыстағы адамдар қарым-қатынасы, күнделікті тұлғааралық араласу салаларында көрініс табады. Әрбір этностағы көптеген әдеттер, талғамдар, құндылықтық бағдарлары, бір-бірін түсіну мәнерлері оның еңбек ету, шаруашылық әрекеттері сияқты өзгешеліктерімен анықталады және олардың әсерімен қалыптасады.

Халық психологиясының этникалығы, еңбекқорлық, қонақжайлық, пысықтық, консерватизм, туыстық сезімі сияқты адамдардың бірдей мінез-құлық ерекшеліктері әртүрлі болатынына жауапты қайдан іздеу керек, неліктен этнос ішінде адамдардың ұқсастық сипаттары ретінде қабылданатын кейбір психологиялық қасиеттері оларды басқа этнос адамдарынан өзгешелейді?

Географиялық детерминизм өкілдері этникалық құбылыстарды табиғи орта мен климаттың ерекшеліктері ретінде ғана түсіндіруге тырысты. Табиғи тұратын ортасының жағдайлары айтарлықтай тұрақты болғандықтан, бұл теорияға сәйкес ұлттық мінез-құлық сипаттары да өзгермейді. Алайда ұлттық психология тек географиялық фактор мен өмір сүру жағдайларына ғана тәуелді күрделі феномен емес және бұл жағдайлар күрделірек әрі қарама-қайшылықтары көбірек болғанша ұлттық мінез-құлық соғұрлым күрделірек, сонымен бірге қарама-қайшылықтарға толы болады.

Қазіргі өркениет, ғылым-техникалық даму деңгейі, интеграциялық, мәліметтік және т.б. процестер мен құбылыстар, құндылықтар мен бағдарлардың бұрынғы рухани ұстанымдардың «жоғалуын», «қарсылығын» тудырып этно-әлеуметтік психологияға елеулі түрде әсер етеді.

«Тәжірибе көрсеткендей, ұлттық қадір-қасиет, теңдік, әділеттілік сияқты әлеуметтік психологиялық категориялар молшылық, бай-

лық, қасиеттермен салыстырғанда құндылығы аса жоғары» [1].

Сонымен, ұлттық психология әр индивидте күрделі феномен болып табылатын, этникалық қасиеттердің психологиялық құрылымын теріске шығармайды.

Ұлттық психология категориясымен қатар ұлттық өзіндік сана-сезім маңызды беделге ие. Ұлттық өзіндік сана-сезім – бұл этникалықты «сақтап қалудың соңғы шегі», өйткені тарихи даму барысында тілдің жоғалуы да мүмкін. Ортақ территория да, мәдени дәстүрлер де жоғалып кетуі мүмкін, бірақ этникалық өзіндік сана-сезім сақталғанша, этникалық «БІЗ» бейнесі де өшпейді.

З.В. Сикевич бойынша, этникалықпен салыстырғанда ұлттық өзіндік сана-сезім эмоциалды компоненттермен (өзінің этникалық топтың басқа мүшелерімен бірлігін аңдаусыз мазасызданумен) қатар рационалды: белгілі бір ұлтқа жатуын сезіну, оның белгілі бір аумаққа байланған, өз халқының рухани құндылықтарына саналы қарым-қатынасы және оларға деген бағыттылығы – бұлардың барлығы ұлттық идеяның ұлттық қызығушылықтарының қалыптасуын ынталандыратын ортақ тарихи өткенімен біртұтастық ретінде оның қасиеттері жайлы көрінісі болып табылады.

Бүгінгі таңда бұл теоретикалықты барлығы мойындайды: өзіндік сана-сезімсіз этникалық топ өмір сүре алмайды, сондықтан да этникалық сана сезімді емес, өзіндік сана-сезімді этникалық топтың негізгі айрықша сипаты ретінде қарастырған жөн.

Өзіндік сана-сезім – субъектінің құндылықтарға және өзіне деген қарым-қатынасы. Өз ұстанымдары мен бағдарларын басқа адамдардың өмірлік позицияларымен үйлестіру қабілеті, араласу процесі барысында осы позицияларға тұра алу икемділігі. Адамның өз әрекеттері мен олардың нәтижелерін, ойлары мен сезімдерін, моральдық бейнесі мен қызығушылықтарын, тәлім-тәрбиенің идеалдары мен мотивтерін, өз-өзін және өзінің өмірдегі орнын толықтай ой елегінен өткізу және бағалау сана-сезімнің аса жоғарғы түрі болып табылады.

Өзіндік сана-сезім – тек жеке индивид үшін ғана емес, сонымен қатар қоғам, ұлт, әлеуметтік топ үшін тән қасиет. Ол, сонымен қатар жетілудің белгілі бір сатысына, қоғамдағы өз жағдайын, ор-

нын және рөлін түсінуге жеткен этноәлеуметтік қауымдастықтың (халықтардың, ұлттардың) тарихи түрлерінің әрқайсысына тән.

Ұлттық өзіндік сана-сезімді өз халқы, оның берілген қоғамда ұлттық қатынастардағы жағдайы мен орны, оның әлемдік мәдениет мұрасына, тәуелсіздік үшін күресудің ортақ ісіне қосатын тарихи еңбегі бар саналы ұлттық сезім ретінде сипаттауға болады. Ұлттық өзіндік сана-сезім ұлттық сана-сезіммен қалай жанасады?

Сана-сезім – адамның рухани белсенділігінің жоғары деңгейі, шынайылықтың сезімдер мен ойлау бейнесі түрінде көрінісі. Сана-сезім адамның практикалық әрекеттерін тамсандырады, оларға мақсатты бағытталған сипат береді. Ұлттық сана-сезім және ұлттық өзіндік сана-сезім – салыстырмалы емес бір реттік түсінік.

Тек осындай жағдайда ғана оның бойында өзінің және басқа ұлттық қалыптасқан құндылықтарына қарым-қатынасы, бағасы қалыптасады. Алайда, «біз» және «олар», «бізде» және «оларда» деген салыстыру қауіптілікті камтиды, өйткені алуан түрлі ұлттардың адамдары қарым-қатынастарында негативті құбылыстардың пайда болуына объективті әсер етеді. Ұлттық өзіндік сана-сезім, ұлттық сана-сезімнен ерекшеленетіндіктен, оның өз мазмұны, өзіндік құрылымы болады.

Әрине, қандай да бір елеулі сандық параметрлері жайлы айту қиын, алайда сапалық айырмашылықтар баршылық. Демек, ұлттық өзіндік сана-сезімнің бірінші сапалық ерекшелігі – бұл адам сана-сезімінің жоғары деңгейімен үзіліссіз байланыс, екіншіден, егер ұлттық өзіндік сана-сезім ұлттық сана-сезімнің бір бөлігі болса, онда ол белгілі бір өлшемде оның құрылымының элементтерін қайталау керек. Үшіншіден, ұлттық өзіндік сана-сезіммен адамның сезімдік механизмін, әсіресе осындай жағдайларда өзін ерекше көрсететінмен ұштастырмауға болмайды.

Кейбір нақты элементтерге тоқталайық. Этноцентризм – топтық өз-өзін қорғаудың ежелгі тарихи механизмдері сияқты топтық психиканың қасиеті. Өмірлік құбылыстарды жалпы ортақ эталон ретінде қабылданатын, өз этникалық тобының дәстүрлері мен құндылықтары, призмасы арқылы қабылдау мен бағалаудың этникалық сана-сезім құралы.

Шынайы этноцентризм интернационалды тәрбиелеу барысында басқа ұлт өкілдерімен өндірістік және тұрмыстық қатынаста болу жағдайында (әсіресе аралас некелерде) әлсіреуі мүмкін.

Этноцентризм адамдар әділетті қоғамдық және мемлекеттік тәртіпке сенімін жоғалтқан кезде, қоғам өзінің рухани бағдарларын жоғалтқан кезде өзінің қиратушы күшіне ие болады. Сонымен бірге этноцентризм жақсы өмір сүруге бәсекелік күрес және бағытталған идеологиялық жұмыс жолы жағдайларында, көпшіліктің национализміне салыстырмалы түрде айналуы және өз ұлтының өзгешелігі жайлы идеяларымен қуатталуы мүмкін.

Ұлттық абырой – ұлттық құндылық, өз-өзін құрметтеу, қастерлеу сезімі. Белгілі бір ұлтқа жатуынан, оның ерекше белгілерін иеленуден қанағаттану сезімі. Белгілі бір ұлтқа жатуы немесе ұлттық элементтерге қатысты артықшылығын сезіну.

Ғылыми қолданыста «ұлттық шектеулілік», «ұлттық паңдық», «ұлттық эгоизм» сияқты түсініктер бар. Ұлтшылдық – бұл тек идеялар мен саяси жүйе ғана емес, ерекше саяси-психологиялық жағдай және сезім.

XX ғасырдың 90-жылдары ресейлік ғалымдар ұлтшылдықтың келесі типтерін енгізді:

– толық тәуелсіздікке ұмтылуды білдіретін классикалық ұлтшылдық (Ичкерия нұсқасы). Әзірбайжан, Қазақстан, Орта Азия республикалары толық дербестікке ұмтылмады, оны КСРО-ның құлауы нәтижесінде алды. Балтық жағалауы, Грузия, Армения, Украина, Молдава толық тәуелсіздік үшін күресті, нәтижесінде ұлттық қозғалыстар болды;

– паритетті ұлтшылдық толық егемендікке ұмтылыспен тұжырымдалды. Ол сыртқы және ішкі шарттардың күшімен өкілеттілік бөлігін федералды орталыққа беру есебімен шектелген (Татарстанда, Башқұртстанда, Тувада);

– экономикалық ұлтшылдық, декларациялар мен іс-әрекеттерде үстемдік етуші экономикалық саладағы дербестік болып табылады және бұл дербестік элитамен мүмкіндігінше толық егемендікке жол ретінде қарастырылады. (Якутияда жекелеген кезендерде – Татарстанда);

– қорғаушы ұлтшылдық, онда мәдениетті, тілді, территорияны, демографиялық өндірісті қорғау идеясы үстемдік етеді (осетиндік,

ингуштық ұлтшылдық, Карелия, Комидағы, этномәдени ұлтшылдық);

– модернизациялық ұлтшылдық, онда «инновациялық секіріс идеясы» үстемдік етеді. Ол ресейлік реформаторларға тән. Олар: «Алдымен, Ресейді реформалаймыз» деп жариялайды, содан кейін бәрі бізге тартылады, кейбір кездерде ол Татарстанда бақыланады [2].

Егер адам өз халқының өмірі, мәдениетіне қатысты көзқарастарында адал және сенімді болса, ол ұлттылықтың шегінен шыға алмаса, кез келген жағдайда өзгеріссіз (ұлттық жолды ұстанса, бірақ бұл халықты басқаларға қарсы қоймай, оларға қастандық жасамаса, ешқандай жеркеніш немесе сенімсіздікпен қарамаса, онда оның әлеуметтік келбеті мен мінез-құлқы ұлтшылдық емес, ұлттық шектелген деген сипатқа) ие болады.

Этникалық ұстаным – бұл адам кез келген кәсіби, саяси, мәдени және т.б. салада қызмет ете отырып, этникалық топқа кірген тұлға ретінде сезінеді, бағалайды және сол сияқты әрекет ететін орны бар ұстанымдар болып табылады.

Этникалық ұстанымдар – бұл өмірлік қызметтің кез келген саласында басқа ұлттың адамдарымен жеке араласудан бастап, құбылыстар, тарих элементтерін, мәдениет, әлеуметтік-экономикалық даму типтері және басқа да өркениеттік формаларды қабылдауға дейінгі басқа этникалық қауымдастықтармен өзара әсеріне арналған ұстанымдар. Арнайы артықшылықтар, агрессияны зерттеуге бағдарланған көптеген шетелдік зерттеулерге қарағанда, отандық этноәлеуметтік зерттеулерде этникааралық қарым-қатынастардың екі жақтан қайырымды, бейтарап, негативті (қайырымды емес) түрлерін қарастыру дәстүрге айналған.

Ұлтшылдықтың қайнар көзі ретінде әлеуметтік негіз де қызмет етеді. Ол – беделді қызмет салаларындағы жұмыс орындарына деген бәсеке. Мұндай бәсеке үстем етуші этникалық қауымдастық өкілдері және мемлекеттің өзіндегі басқа топтар арасында, сол сияқты иммигрант топтар арасында да болуы мүмкін.

Ұлттық сезімдерге келетін болсақ, өз халқының тек жағымды жақтары (ұлттық абырой, ұлттық намыс), ал басқа ұлт өкілдерінің жағымсыз жақтары (ұлттық жақтырмаушылық, ұлттық сенімсіздік, өзін жоғары қоюшылық жатсынушылық) деген ой таралады. Жағымсыз сезімдер өз ұлтының

адамдарына бағытталған болса, олар ұлттық болудан қалады да (олардың мотивтері ғана ұлттық сипатқа ие) жай адамдық сезімге айналады. Бірақ жоғарыдағы барлық айтылғандардан басқа халықтарға қатысты жағымды ұлттық сезімдер болуы мүмкін емес деген ой ығи да тұжырымдалмайды. Мұндай көріністер көп: басқа халықтармен достық, ынтымақтастық сезімі. Осылай индивид және қауымдастық психологиясында этникалық қасиеттер деп аталатын нақты элементтер көрініс табады.

Сонымен, ұлттық өзіндік сана-сезім – бұл ұлттар мен ұлттылықтардың оларды қоршаған басқа ұлттарға енжар еліктеу емес, бұл өз ұлты, оның қоғамдағы рөлі жайлы білімге негізделген саналы сезім.

Этностық коммуникация мен салыстырудан тыс өмір сүрмейді, ол тек этникалық топтармен өзара әрекеттесу барысында өз ерекшелігін айқындай алады.

Этникалық мәдениетте ең маңызды орын этникалық символ тіл болып табылады. Ол адамзат қарым-қатынасының маңызды құралы болып табылады, яғни онсыз адамзат қоғамының өмір сүруі мен дамуы мүмкін емес. Қоғамның тілге әсері оның дамуында анықтаушы рөлге ие болады. Дамыған тіл қоғамға кері әсер етеді.

Тілдің дамуына саналы түрде әсер ету мүмкін бе? Қазақстанды 30-шы жылдары араб алфавиті латын алфавитіне ауыстырылған, ал 40-шы жылдары кириллицаға ауыстырылды. Экономиканы көтеру мақсатында ұлттық тілдер қоғамдық коммуникациядан ығыстырыла бастады, ол кез индустрияландыру және ұйымдастыру кезеңіне тұспа-тұс келген болатын. Ол кезеңде өз тіліне деген жанашырлық ұлтшылдықпен теңбе-тең еді. Ең басты қазақ тілінің қоғамда пайдаланылуы ол көптілділік, ең негізгі заңдылық ұлтаралық орыс тілінде сөйлесуге рұқсат етеді. Бұл орталықтың саясатына сай еді, яғни барлық халық бірлікте және бір тілде ойлайтын болуы қажет еді. Қазақстанның басқа мемлекеттерден басты айырмашылығы түпкілікті ұлты сан жағынан аз пайызды көрсетті, ал халықтың өсімі көбіне көші-қон негізінде жүріп отырды.

Жайлап ұлттық тілдер өз мәнін жоғалта бастады, қазақ тілі тұрмыстық тіл болды, тіл қаншалықты ұмытылған сайын елдің мәдениетіне де әсер ете бастайды және ол әлем мәдениетіне де әсерін тигізбей қоймайды.



«Тіл туралы заң» барлық азаматтарға тіл таңдауда еркіндік береді және кез келген этностың дамуына теңдей құқық жасайды. ҚР-да тілдің теңдігі барлық халықтың нормальді этномәдениетінің дамуына жағдай жасалынған.

Заңды-құқықтық және нормативті-құқықтық заңдастыру ҚР-ның Парламенті және үкіметімен қабылданған тілдер саясатымен қадағалынып реттеледі және ҚР-ның парламентінде іс-қағаздарында жүзеге асады. Бұл – ҚР-ның «тіл туралы заң» және «2001-2010 жж. «Тілдің дамуы мен қызметі туралы мемлекеттік бағдарламасы».

Заңның маңызды жақтары:

- азаматтық қоғам екенін бекіту, этносаралық және конфессия аралық келісім;
- азаматтық қоғам құру, адамның құқығын қорғау және демократияны дамыту;
- жас ұрпақты жалпы адамдық ретінде рухани тәрбиелеу;
- дарынды балалар мен талантты жастарға жан-жақты қолдау көрсету;
- халықаралық гуманитарлық серіктестікті арттыру, мәдени білім беру орталықтарын арттыру;
- ұлттық мәдениеттің жетістіктері туралы презентация;
- Қазақстан халқының ұлттық мәдениеті, тілі, құндылықтары мен дәстүрлерінің пайда болуы [3].

Қазақстанда сұралғандардың жартысынан көбі (51,9%-ы) өз ана тілін қазақ тілі деп жауап берген, 37,3%-ы орыс тілі деп жауап берген, 10,8%-ы Қазақстанда тұратын басқа жастардың тілдері деп жауап берген.

Қазіргі таңда ҚР-дағы халықтың 50,4%-ға жуығы мемлекеттік тілді жеткілікті (еркін түсініп, оқи алатын) деңгейде меңгереді. Сонымен қатар 36,4%-ы қазақ тілінде жаза алады, ал 30%-ы сұралған респонденттер мемлекеттік тілді білмейді.

Территорияға бөліп қарасақ, мемлекеттік тілді жақсы меңгеретіндер Оңтүстік және Батыс Қазақстан аймақтарында байқалады.

Сұрауға қатысқандардың ішінде қазақ этносы өкілдерінің 64,9%-ы мемлекеттік тілде еркін сөйлей алады, жаза алады және оқи алады. Сұралғандардың орыс этносына жататындары

– 38 %-ы мемлекеттік тілді меңгермейді, 13,2% басқа этнос өкілдері мемлекеттік тілді еркін меңгере алады [4].

Мемлекеттік тілдің мәртебесінің критерийлері неде? Бұл қазақ – этносының егеменді, яғни республиканың атауы. Мемлекеттік тілдің дамуына қажеттілік өзге ұлттардың өндірістік және күнделікті өмірде сөйлесу үшін қажет.

Өзге ұлттардың қазақ тілін білуі ұлттық шаруашылықта, мемлекеттік аппаратта белсенді қолдануға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік тілді білу тек ұлтаралық қарым-қатынасты жақсарту үшін ғана емес, мәдениетті дамытуға және ұлттардың ара-қатынасын жақсарту үшін де қажет.

Қазақ тілін білу ұлтаралық қарым-қатынасты жақсарту үшін ғана емес, ішкі ұлттық қатынас мәдениетін көтеру үшін де қажет. Қазақ тілін меңгеру білім беру саласында, денсаулық сақтау және қызмет көрсету саласында да кәсіби қажеттілік болып табылады.

Сонымен, этностар арасындағы қарым-қатынаста бірін-бірі түсіну үшін, қазіргі кездегі әлеуметтік-мәдени мәселелер ерекше маңызға ие, мәдени құндылықтардағы барлық өзгерістер ұлтқа қатысты, қоғамдық өмірдің барлық жақтарынан әсер етеді, этномәдени ерекшеліктер қазіргі әлемде болып жатқан этникалық қарым-қатынастардағы күрделі процестерді түсіндіруге өз септігін тигізеді.

### Әдебиеттер

- 1 Бороноев А.О., Павленко В.И. Этническая психология. – СПб., 1994. – 57 с.
- 2 Арутюнян Ю.В., Дробижина Л.М., Сусков А.А. Этносоциология. – М., 1999. – С. 48-49.
- 3 Биекенов К.У., Садырова М.С., Садуакас С. Языковая социализация и формирование социального поведения личности. – Алматы: Қазақ университеті. 2007. – 173 с.
- 3 Шаукенова З.К. Социальное взаимодействие этносов в современном казахстанском обществе. – Астана, 2002. – С. 115-116.
- 5 Утешов С.К., Чинасилова А.М. Этносоциология. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 126 с.

Uteshov S., Chinasilova A.

**Social and cultural problems of the relationship between ethnic groups in contemporary society**

Authors consider challenges of ethnos in this article. The life of ethnos penetrates all sides of a public life of a society. Disclosing of essence ethnic communities which are very varied with the psychologies, prejudices, variations in modern conditions. Practice has shown, that such social-psychological categories, as national dignity, equality, fairness much more valuable than prosperity, abundance, properties. So, the national psychology does not exclude availability in each individual of a psychological constitution of the ethnic properties representing a complex phenomenon. Alongside with a category national psychology the important seat borrows national self-consciousness.

Thus, national self-consciousness – not passive imitation of the nations and nationalities another which surround them, and the realized feeling leaning knowledge of the nation, its role in a society.

**Keywords:** nation, nations psychology, nations consciousness, behaviour of nation, values of nation, nations sense.

Утешов С.К., Чинаилова А.М.

**Социально-культурные проблемы отношения между этносами в современном обществе**

В статье авторами рассматриваются сложные проблемы этносов, жизнь которых пронизывает все стороны общественной жизни. Раскрытие сущности этнических общностей, которые очень разнообразны своими психологиями, предрассудками, изменениями в современных условиях. Практика показала, что такие социально-психологические категории, как национальное достоинство, равенство, справедливость гораздо ценнее, чем достаток, богатство. Итак, национальная психология не исключает наличия в каждом индивиде психологического склада этнических свойств, представляющих сложный феномен. Наряду с категорией «национальная психология» важное место занимает национальное самосознание.

Таким образом, национальное самосознание – не пассивное подражание другим нациям и народности, которые их окружают, а осознанное чувство, опирающееся на знание о своей нации, ее роли в обществе.

**Ключевые слова:** нация, национальность, психология нации, сознание нации, поведение нации, национальные ценности, национальное чувства.